

ІС-ӘРЕКЕТ ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ ТҮСІНІКТЕР



*Ғылыми категория диалектикалық
материализм философиясы негізінде
құрылып, алғашқы түсіндірулері Л.С.
Выготский (1896-1934), С.Л.
Рубинштейн (1889-1960), А.Н.
Леонтьев (1903-1979) сынды кеңестік
психологтердің есімдерімен
байланысты болды*

Іс-әрекеттің әлдеқайда аяқты психологиялық тұжырымын толықтыра және түрлендіре отырып, 1940 жылдың ортасында А.Н. Леонтьев жасаған.

А.Н. Леонтьев бойынша іс-әрекет дегеніміз, белгілі қажеттіліктерге жауап беретін, мотивтерге бағынатын және адамның дүниеге деген өзіндік қатынасын іске асыратын белсенді процестер.

А.Н. Леонтьев адамның кез-келген белсенділігін іс-әрекет деп атаған жоқ, тек тұлға, қажеттілік, мотив, мақсат, міндеттермен психологиялық байланыстағы, мақсатқа бағытталған белсенділіктерді ғана іс-әрекет деді.

Іс-әрекет – адамның қоршаған ортаға деген белсенді қатынасының бір формасы немесе қоршаған орта мен субъектінің өзара қатынасының динамикалық жүйесі.

Іс-әрекеттің психологиялық құрылымы

Іс-әрекет үш қырлы анықталады, яғни бір уақытта үш кеңістікте іске асырылып, көрініс береді, ол: тұлға (іс-әрекет субъекті), объект (іс-әрекет пәні) және ішкі праксис (түрліше белсенді процесстер).

Іс-әрекеттің психологиялық құрылымын төмендегідей бейнелеуге болады:

- Қажеттілік Белсенділік
- Мотив Іс-әрекет
- Мақсат Әрекет
- Жағдай (міндет) Амал

Қажеттілік - адамның дамуы мен өмір жағдайындағы белгілі бір нәрселерге мұқтаждануы.

Белсенділік - адамның әсер еткен заттарға белсенді қатынасының нәтижесі. Белсенділік адамның күнделікті іс-әрекетте (ойын, оқу, еңбек) кездесетін міндеттерді шығармашылдықпен орындай алу қабілеті.

Мотив - бұл адамның белгілі бір әрекет үшін саналы меңгерілген талаптануы. Ол адамның өзінің қоршаған жағдайын және алдына қойған мақсатын бағалау, ақылға салу, есептеу деңгейіне байланысты мазмұны анықталып қалыптасады

Мақсат дегеніміз, болашақ әрекет нәтижесін саналы түрде елестету. Бұл тұлғаның әрекет мәнін қабылдауы

Әрекет – мақсатты бағындыруға бағытталған іс-әрекеттің бір бөлігі, бірлігі.

Амал - адамның белгілі бір істі меңгеруге бейімделе кірісуі.

Міндет – мақсаты және әрекеттің орындалу тәсілі белгілі, яғни амалы бар нақтылы жағдай.

Іс-әрекеттің түрлері

```
graph TD; A[Іс-әрекеттің түрлері] --> B[Оқу]; A --> C[Ойын]; A --> D[Еңбек]; A --> E[Қарым-қатынас];
```

Оқу

Ойын

Еңбек

**Қарым-
қатынас**

Оқу іс - әрекеті

Адам іс-әрекетінің бір түрі, пәндік және танымдық әрекеттердің әдістерін меңгеруге арнайы бағытталған, теориялық білім түрінде қорытылып, жалпыланған түрі.

ЕҢБЕК ІС-ӘРКЕТІ

Адамзат іс-әрекетінің тарихи алғашқы түрі, белгілі қоғамдық пайдалы өнімді өндіруге бағытталған іс-әрекет болып табылады. Еңбек іс-әрекеті - адамның негізгі, басты іс-әрекеті.

ОЙЫН ІС-ӘРКЕТІ



Бұл ең алдымен ойдағы іс-әрекет, басқаша айтқанда- тұрткілердің бірлігімен ұйымдасқан, ойластырылған әрекеттер жиынтығы. Демек, ойын іс-әрекет ретінде жеке тұлғаның қоршаған ортаға белгілі қатынасының көрінісі болып табылады.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ІС-ӘРЕКЕТІ

Бірлескен іс-әрекеттегі адамдар арасындағы ақпарат алмасу, байланыс орнату және оны шешу процесі. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сатиева Ш. Даму психологиясы (теориялық және практикалық курс). Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 232 бет
2. Даму психологиясы: Оқулық / М.К. Бапаева. – Алматы: 2014. – 440б